

Әкім төрағалығымен аппараттық жиын өтті

Қала әкімі Жандос Тасовтың төрағалығымен аппараттық кеңес өтті. Аппараттың күн тәртібінде төрт мәселе қаралды. Жиынға қала әкімінің орынбасарлары, бөлім және мекеме басшылары қатысты. Алғашқы болып қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы И.Азизбаев 2023 жылдың 1 сәуірге бюджеттің орындалуы туралы баяндады.

Кентау қаласы және оған қарасты ауылдарда оған қарасты заңсыз жер қойнауын пайдалануды алдын алу және болдырмау мақсатында атқарылған шаралар туралы, қалалық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Т.Сүлейменов мәлімет берді.

Кентау қаласы аумағында 5 заңды жер қойнауын пайдаланушылар бар. Кентау қаласы бойынша, заңсыз жер қойнауын пайдалану бойынша «Қаратау» мөлтек аудандарында, «Қосқорған», «Ырмақ өзен» су қоймаларының жанында және Байылдыр өзені бойында жиі фактілер анықталып отыр. 2023 жылы заңсыз жер қойнауын пайдаланушыларға қарсы жұмысшы топ өкілдерімен бірге 8 рейдтік іс-шара ұйымдастырылған. Жер қойнауын заңсыз пайдалану фактілерін жою мақсатында жүргізілген рейдтік іс-шара барысында 3 факт тіркелген.

Қала әкімдігі аппаратының бас инспекторы - баспасөз хатшысы



Ж.Алимбаева әлеуметтік желі арқылы жүргізілген жұмыс барысы мен тұрғындар тарапынан түскен арыз-шағымдар жайында баяндады. Өткен жылмен салыстырғанда әлеуметтік желі арқылы түсетін шағымның саны едәуір азайғандығын атап өтті.

Қала әкімдігі аппаратының басшысы Ә.Елеусізов облыс және қала әкімдерінің хаттамалық тапсырмаларының орындалу барысы жайында баяндап өтті.

Баяндамашыларды тыңдаған қала әкімі бірқатар мәселелерді атап, тиісті сала басшыларына тапсырмалар берді. «Әр басшы өз саласына қатысты мәселелер бойынша қала тұрғындарымен кездесіп, оларды тыңдау қажет. Сол кезде орын алған жағдайларды шұғыл реттеуге мүмкіндік болады. Мәселенің алдын алу үшін, жұмысты осылай жүйелендіруді тапсырамын», деді қала басшысы.

Мен таңдаған мамандық тақырыбында семинар тренинг



Кентау қалалық "Жастар ресурстық орталығының" КММ-і Ұлжан Дүйсембекова және қалалық Аналар кеңесінің төрайымы Кривенцова Маржан Қазыбайқызы, Аналар кеңесінің хатшысы Әлия ханым, Кентау қалалық орталық кітапханашысы Жанна Қуандықовамен бірлесе отырып, Орталық кітапханада 9-10-11 сынып білім алушы жастармен семинар тренинг өтті.

-Семинар барысында: жастарға ҰБТ-дан қалай жоғарғы бал алуға болады?

-Егер жоғарғы оқу орнына түсе алмай қалған жағдайда не істеуге болады?

-Күйзеліске түспей алдағы уақытта қандай мақсаттарға жету керек? Өмір ҰБТ мен шектелмейтін қағида екендігін түсіндіру жайында, мамандық таңдауда жаңылыспай өзі таңдаған мамандығына қалай түсу керектігі жайлы толық қанды түсіндіріп жастарға семинар тренинг өткізді.

Кентау қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

Түркістанда бокстан Бекзат Саттархановты еске алуға арналған халықаралық турнир мәресіне жетті

Түркістанда бокстан Сидней олимпиадасының жеңімпазы Бекзат Саттархановты еске алуға арналған кезекті халықаралық турнирдің жеңімпаздары анықталды. Турнирді Түркістан облысының әкімдігі мен облыстық спорт басқармасы және облыстық Әбдісәліан Нұрмаханов атындағы олимпиадалық спорт мектебі ұйымдастырды.

Дүбірлі бокс додасының мараптау рәсіміне қатысқан Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев бастаған азаматтар жеңіске жеткен боксшыларды құттықтап, оларға ізгі тілектерін білдірді. Кезінде Сидней төрінде Бекзатпен бірге ұлттық құраманың намысын қорғаған олимпиаданың жеңімпазы Ермахан Ибраимов турнирдің деңгейі жоғары екенін жеткізді.

Биыл ХХІ рет өткізілген халықаралық доданың бас жүлдесіне кіл мықтылар таласты. Ринг төрінде



жұдырықты жігіттер 13 салмақта мықтыны анықтаса, тұңғыш рет осы турнирде қыздар 5 салмақ дәрежесінде күш сынасты.

Қыздар арасында өңір намысын қорғаған 50 келідегі түркістандық Дельфина Әбілхан алтын медаль иеленді. Ал 57 келіде Ұлжан Сәрсенбек топ жарса, 75 келідегі түркістандық ару Шұғыла Нәлібайға тең келер қарсылас болмады. Осылайша, қыздар арасындағы айқаста 3 алтын медаль облыс қоржынына түсті.

Ұлдар арасында Түркістан облысының басты үміті 60 келіде жұдырықтасқан Бахтияр Анарбаев жеңімпаз атанды. Бұдан өзге алтын медаль жеңіп алған ринг қожайындары қатарында 63,5 келіде бақ сынаған Төрехан Сабырхан, 67 келіде Ерасыл Жұмақұл бар. Бокс додасының жоғары деңгейде өтуіне Түркістан облыстық бокс



федерациясының президенті Сұлтан Көшенов те атсалысты. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне лайықты құрмет көрсетілді. Түркістанда жоғары деңгейде өткен халықаралық додаға еліміздің барлық аймағымен қатар көршілес Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан елдерінен де спортшылар қатысты.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі

Балабақша - тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы

Қазіргі таңда баланы тәрбиелеу, оған білім беру бұрынғыға қарағанда өзгеше. Ағымымен өтіп жатқан бұл заманда білімнің сапасыда артып, әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, өзгеріп жатыр.

Балабақша - өсіп келе жатқан жасұрпақты тәрбиелеп өсіретін бастау, қайнар бұлағы. Балаға алғаш білімнің дәмін татқызатын да, жас шыбықты түзетер бағбанмен таныстыратын да балабақша.

Бүлдіршіндерімізге сапалы білім беруге саналы тәрбиелеуге апаратын да көрсететін де тәрбиеші. Жаңа технологияны тиімді қолдану, үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттыру мемлекеттің маңызды міндеті. Замануи жас ұрпақ ертеңгі еліміздің болашағы. Балабақша барлық тәрбие мен білімнің алғашқы баспалдағы. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың бойындағы табиғи мінезін, қабілетін ертежастан жан-жақты дамытады. Бүгінгі балалардың жетістігіне қарап, білім ордаларының келешегінен күтеріміз көп.

Еліміз өркендеп биік белестерден көрініп, едәуір дамып жатыр. Бала - болашағымыз, қуанышымыз. Ендеше балаларымыздың қадамына ерекше назар аударайық. Тәрбие мен білімнің бастауы балабақша екенін ұмытпайық.

Айжан НҰРЖАНОВА,
«Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні. Бұл атаулы күн Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының құрылған күнінде аталып өтіледі. 1948 жылы құрылғаннан бері әлемнің екі жүзге жуық мемлекеті Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына мүше болып отыр. Бұл күн адамдардың өз өмірлерінде денсаулықтың мәні қаншалықты зор екенін түсініп, бүкіл әлемде адамдар денсаулығын жақсарту түсу мақсатында тиісті шешім қабылдаулары үшін өткізіледі. Адам өміріндегі басты құндылық - денсаулық екені баршамызға белгілі. Салауатты өмір салты - бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Кез келген елдің болашағы - оның халқының денсаулығына байланысты екендігі - дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз - салауатты өмір салты. «Ауырып ем

іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы.

Денсаулық дегеніміз - адам жаны мен тәнінің амандығы, өмірдегі баға жетпес құндылық, ең басты байлық. Адам өмірінде денсаулықтың орны бөлек, әрі ерекше.

Денсаулықты сақтау - біздің ортақ мақсатымыз. Жыл сайынғы профилактикалық тексерулерден өткеніңіз денсаулығыңызды сақтауға септігін тигізеді, уақытында жасалған екпелер Сізді әр түрлі жұқпалы аурулардан қорғайды - сондықтан осыны ұмытпай, денсаулығыңызға мұқият қараңыз. Әр адамның денсаулығы өз қолында!

Алтынай ҒАНИ,
«Жансая» облыстық балалар оңалту орталығы, СӨСҚ дәрігері

Балаларымыздың бақытты болашағы

Жақсы адамның жақсылығын айт нұры тасысын дейді қазақ даналығы. Фарит Галимович десем жарасар. Күні кешегідей көз алдымызда өскен жасөрең Фарит Аюпов – Түркістан облысы ҚХА төраға орынбасары және Кентау қалалық татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің төрағасы, қаламыздың ең көрікті мәдени спорттың ошағы – қалалық бассейнің директоры, үлкен педагог, спортшы өрендердің үлкен досы.

Кентау тау-кен металлургия техникумында Фарит оқып жүрген кезінен ақ, кілең беске оқып, тап-таза болып жүретін, ертеңіне сенімі мол жеткіншек бүгінде жоғарыда айтқанымыздай үлкен абырой иесі.

Қалалық бассейн айналасы тап-таза, үнемі күтіліп ұсталатын, қамқорлық жасаудың арқасында болар, ауласы қысы-жазы жинақы, көлденең шөп жатпайды. Жап жасыл қылқан жапырақты шыршалар мен ағаштар мен көмкерілген қалашық. Ұжымның ауыз-біршілігін айтсайшы. Келіп кетіп жатқан бес жастан



жоғары қарай спортқа талпынған бүлдіршіндер тренерлерімен кәдімгі жақын адамын көргендей қуанып, жүгіріп барып құшақтап жатады. Жағалай қойылған орындықтарға отырып, аязды күндері шынылы залда аяқ киімдерін ауыстырып, сыбырай сөйлесіп үйренген қалыппен жүгіре басып бара жатады. Көгер көзге тәртіпке үйренген балапандар қаздай жорғалап барады. Айтпақшы бала болған соң заттар жоғалып емес – ау қалып қойып жатады. Мұнда ерекше атмосфера дедік қой, қалып қойған зат міндетті түрде егесін қайта тауып жатады. Бұл да ұжымның жоғары мәдениеттілігі.

Үшінші жыл немерелерімді осы жерге апарып жүрмін ғой. Сондағы көріністерге көңіліміз толып, аталар-әжелер қуанып қайтамыз. Ұстаздың еңбегі шәкіртінің өзінен озғанынан көрінеді деген тәмсіл бар.

Техникумның тұңғыш директоры Мұса Бегалыұлы Қаленов бастаған ұстаздардың тәрбиесін алған Фарит Галимович Аюпов заманауи, креативті директор болып қалыптасқан тұлға – денің сау болсын балам. Ұжымның ұлықтары Роза Рамановна

(Рафкатовна), Татьяна Владимировна, Ирина Валерьевна, Зуппаров, Р.Фатахов және бассейнің кіші қызметкерлеріне де айтар алғысымыз мол.

Қыстың қыраулы күндері бассейн жұмыс істеді. Балаларымыз суға шомылып, ахар-шахар болды. Гимараттың іші жып жылы, кезең кезеңімен сан түрлі жарыстар өтіп тұрады. Қорытынды сөз кезегінде Фарит Галимович спортшылардың жетістігімен қоса кемшіліктерін түгел баяндап қана қоймай, мектеп бағдарламасынан, күнделікті тіршіліктен, болашақта не күтіп тұрғанын, еңбектенуді, тәртіпті болуды, ел жандылықты, ата-аналарының көмекшісі болуды тереңінен түсіндіреді. Татамидің үстіне жайғасқан спортшылар, жағалай отырған жанкүйерлер сілтідей тынып микрофонсыз айтылған әмірлі кеңесті рахаттана тындайды.

Құрметті ата-аналар! Перзенттеріңізді спорттық орталыққа бақытты болашақтары үшін ойланбай апарыңыздар. Жақсы, ақылды, жауапты, жан-жақты жетілген, еліміздің патриоттары болып шығатынына сенемін.

Мейраш ИСАҚҚЫЗЫ,
Ы.Алтынсарин төсбелгісінің,
ОҚО білім саласына еңбегі сіңген медальінің иегері

Білімнің дамуы үшін ақпараттық технологиялардың маңыздылығы

Қазақстан Республикасының Болон декларациясына қосылуы білім және ғылымның ұлтаралық қатынастары жолында маңызды қадам болғаны анық. Бұл қадам жоғары білім алаңында салыстырмалы жүйені қабылдау арқылы Еуропалық білімге қолжетерлік жағдай жасауға, білім сапасын дамытып, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының мобильдік деңгейін арттыруға мүмкіншілік туғызады.

Болон үдерісінің шешімі бойынша білім беру саласында қызметкерлердің алдында бірқатар мәселелерді, соның ішінде қазіргі жан-жақты дамыған қоғамның шығармашыл тұлғасын қалыптастыруды қойып отыр.

ҚР Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ХХІ ғасырда өркениетті дамушы елдер мен бәсекелестік арқылы ел экономикасын дамытуда бүгінгі қоғам жастарының біліктілігі мен білім деңгейлері сай болуы айтылған. Осыған байланысты қазіргі таңда Қазақстан

Республикасында жоғары оқу орындарындағы білім беру саласына басты назар аударылуда.

Қоғамда білім беру жүйесінің экономикалық, техникалық, мәдени дамуындағы орны жоғары деңгейде екені белгілі. Мемлекетіміздің білімділік деңгейі ғана халқымыздың лайықты бейнесін және әлемдік қауымдастықтағы орнын қамтамасыз етеді, еліміздегі әрбір адамның және халықтың әлемдегі статусын анықтайды. Қазіргі кезде білім беру саласында негізгі бағыттардың бірі ретінде кәсіби жоғары дейгейде даярланған, шығармашылық қабілеті дамыған, алдына қойылған мәселелерді тез, әрі сапалы түрде шеше алатын жаңа типті оқытушы тұлғасын жасау орын алады. Осындай талаптарды орындай алатын болашақ оқытушыларды даярлау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан қазіргі күнге дейін жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері, оқыту құралдары, оқытудың жаңа технологиялары зерттеліп келеді. Қазіргі қоғам жағдайында болашақ мұғалімдерді

даярлайтын жоғары оқу орнының оқытушысы ғылыми ақпаратты жеткізуші ғана емес, сонымен қатар танымдық әрекетті ұйымдастырушы болуы тиіс. Сондықтан оқу үрдісінің қарқынын күшейту және сапасын арттыру қажеттігі туындайды.

Білімді ақпараттандыру - бұл оқу қызметін, оқу нәтижелерін бақылау мен өлшеуді, оқудан тыс қызмет пен тәрбиелеу үдерістерін, ғылыми зерттеу қызметін және ғылыми әдістемелік қызметті, сол сияқты ұйымдастыру-басқару қызметін ақпараттандыру болып табылады. Бүгінде ақпараттық технологиялар Қазақстанда қоғамның зияткерлік қабілеттерінің үдерісінде, оның білім беру жүйесі мен мәдениетінің дамуында ерекше маңызды болып табылады.

Мансия АСЕМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
жылуфизика және техникалық физика
кафедрасының доценті

"Әрбір бала - бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет"

Білім - болашаққа бағытталған тиімді инвестиция. Жылдағы дәстүр жалғасын тауып, Президент Қасым - Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты жолдауында еліміздің алдағы даму стратегиясын айқындап, сан салаға серпін берер жаңашылдықтармен бөлісті. Оның ішінде сапалы біліммен қамту мәселесі алғашқы орында Кемел біліммен қаруланған жас ұрпақ қазақ елін әлемге танытатын, сенім артар ел ертеңіміз екені анық.

Сондай аяулы қыздарымыздың бірі - «Өнер ағып жатқан бұлақ, білім жанып тұрған шырақ» деген қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырған Т.Рысқұлов атындағы № 24 жалпы орта мектебінің 9 «А» сынып оқушысы Нұрғали Алуа Шоқанқызы. Бастауыш сыныпта ұстазы Керімбекова Ақбота Өтелбекқызы Алуаның білімге деген құштарлығын байқап, шәкіртіне дұрыс жол көрсете білді. Алуа сол кезден бастап үнемі үздіктер тақтасынан түскен емес. Бесінші сыныптан бастап



сынып жетекшісі Үсенова Шолпан Маратқызының жетекшілігімен білім нәрімен сусындауда.

Сапалы біліммен дараланып, өзіндік жаңа қырымен танылып жүрген дарабоз Нұрғали Алуа Шоқанқызы - сан алуан білім бәйгелері мен өнер байқаулары, интеллектуалдық жарыстардың жеңімпазы, үштілділік білімді дамыту мақсатында өткізілген «Altyn kuran - ерекше дарын иесі» зияткерлік олимпиадасының ІІ

дәрежелі Диплом иегері: «Әрбір бала - бір жұлдыз, жарқырауына жәрдем ет» атты онкүндік ішара аясында «О, Поэзия...» тақырыбында өткен «Көркем сөз оқу» сайысының І орын жеңімпазы, І дәрежелі Диплом иегері атанды.

Шығармашыл шәкірт Алуа 7-11 сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні бойынша өткен Республикалық «Мағжан оқулары» байқауының қалалық кезеңінде «Өлең - менің Шолпаным, айым, күнім» бағыты бойынша қатысып, жоғары көрсеткіштерге ие болғаны үшін ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталып, жетістік биігіне жоғарылады. Білімпаз шәкірт үстіміздегі жылы «Моя будущая профессия» атты Республикалық конкурстың І орын жеңімпазы атанып, І дәрежелі Диплом иегері атанып, жетістік биігіне көтерілді. Жаны нәзік, көңілі көркем, талғамы жоғары, арманы асқақ, мақсаты айқын Алуаның жанарынан ертеңгі күнге сенімділік ісінен ізгілік байқалады. Бос

уақытында түрлі тақырыптарға арнап өлең шумақтарын жазады. Сайыстарға шаралар ұйымдастырып, белсенді араласып жүреді. Алуа өте зерек, сабақта, мектепте өтетін ішараларға да белсене араласып, жүретін көшбасшы шәкірт, сыныбының мақтанышы.

«Білім басқа, ақыл жасқа бітеді» деген халқымыздың парасатты пайымы өскелең ұрпаққа айтылған. Сондықтан білімді одан әрі жетілдіріп, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінін нұландырып, ертеңін гүлдендіретін озық ойлы жастардың қатарына еніп, халқымыздың мақтанышы бол! Әрдайым өмір бәйгесінде асығың алшысынан түсіп, жеңісті жолдағы қадамың оң болсын! Тек осындай ұрпақ қана еліміздің мерейін бүгінгі жеткен биігінен аласартпай жаһандану деп аталатын үдерістің әлемдік даму көшіне ілеспек.

Алия УТЕЕВА,
Т.Рысқұлов атындағы №24 жалпы орта мектебінің тәрбие орыбасары

Хабарландыру

«Кентау Полиметалл» ЖШС түсті металдарды байыту қолданыстағы есеп бойынша «Кентау Полиметалл» ЖШС, Түркістан облысы, Кентау қ., Оғызтау көш 141 Б ғимараты учаскесінің қайта құрудың ықтимал салдары туралы қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Тыңдаулар 19.05. 2023 ж., сағат 16:00, Түркістан облысы, Кентау қаласы, Абай даңғылы 10Г, «Кентау қаласының кәсіпкерлер мектебі» мекенжайы бойынша өтеді.

Қосымша ақпаратты: 8771 385 23 59 телефон, E.mail: balabenko@bk.ru бойынша ала аласыздар. Жобалық құжаттама БЭК <https://ecportal.kz/> және «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сайтында орналастырылған. Халық өз ескертулері мен ұсыныстарын электронды түрде: a.shymabekova@ontustik.gov.kz, қағаз түрінде: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 27Б мекенжай бойынша жіберуге болады. Тел. (72533) 5-98-44, 6-36-59, Жұмабеков А.К. Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Кентау Полиметалл» ЖШС.

Мекен-жайы: Түркістан облысы, Кентау қ., көш. Оғызтау, (Гаражняя) 141 Б. Телефон: +7 /702/ 113-96-61. e-mail: tbalabiev@mail.ru.

Есепті құрастырушы: И.П.Рыженко А.Н. (ҚР ММ 01.02.2019 ж. № 02462Р). Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Майлы Қожа көш, 59. Тел. +77026611651, +7 771 385 23 59 (Балабенко С.И.).

Объявление

ТОО «Кентау Полиметалл» уведомляет о проведении общественных слушаний по отчету о возможных воздействиях реконструкции существующего участка по обогащению цветных металлов ТОО «Кентау Полиметалл», расположенного по адресу: Туркестанская область, г. Кентау, ул. Оғызтау, строение 141Б. Слушания состоятся 19.05. 2023 года, в 16:00, Туркестанская область, г. Кентау, проспект Абая 10Г, "Школа предпринимателей г. Кентау»

Доп. информация по тел: 87713852359, E.mail: balabenko@bk.ru
Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecportal.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области».

Общественность может направить свои замечания и предложения в электронной форме по адресу: a.shymabekova@ontustik.gov.kz, в бумажной форме: Туркестанская область, г. Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27п. Тел. (72533) 5-98-44, 6-36-59, Джумабекова А.К. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Кентау Полиметалл». Адрес: Туркестанская область, г. Кентау, ул. Оғызтау (Гаражняя), 141Б. Телефон: +7/702/113-96-61. e-mail: tbalabiev@mail.ru.

Составитель отчета: ИП Рыженко А. Н. (ГЛ МЭ РК № 02462Р от 01.02.2019 г.). Республика Казахстан, г. Шымкент, ул. Майлы Қожа, 59. Тел. +77026611651, +7 7713852359 (Балабенко С.И.).

Әдістемелік десант

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Білім беруді дамыту орталығының» мамандарының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 4-ші наурызында, Кентау қаласы, №14 әл-Фараби атындағы мектеп-лицей мен «Ертөстік» балабақшасында әдістемелік десант өтті.

Әдістемелік десанттың мақсаты: Кентау қаласы білім беру ұйымдарының педагогтерін кәсіби қолдау және педагогикалық шеберлікті жетілдіру бойынша тәжірибеге бағдарланған, әдістемелік қолдау көрсету.

Әдістемелік десанттың міндеттері:

- Педагогтердің ақпараттық құзырлығын қалыптастыру;
- ақпаратты технологияларды қолдана отырып, мұғалімдерге оқушы-тұлғаны ынталандырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту;
- әдістемелік жұмыстарды заманауи талаптар негізінде ұйымдастыру;
- педагогтердің творчестволық қабілеті, жаңашылдық әрекеттерін шыңдау;
- жас мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын қалыптастыру;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагогтеріне оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзекті мәселелері бойынша кешенді әдістемелік көмек көрсету;
- оқытудың іріктірілген тәсілдерін қолдану, баланы толыққанды дамыту, ойын арқылы оқытуға баланы тарту мәселелерінде педагогтің білімін машықтандыру;
- білім беруді дамытудың заманауи бағыттары бойынша мектепке дейінгі ұйымдарының мамандарын ақпараттандыру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз ету бойынша оқу-әдістемелік жұмыс мазмұнын жетілдіру жөнінде кеңес, нұсқау беру.

Әдістемелік десантқа қатысушылар санаты: Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскерлері,



білім беру ұйымдарының директорлары, директорлар орынбасарлары, аудан педагогтері, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы «білім беруді дамыту орталығының» мамандары:

1. Айкозова Динара Облыстық білім беруді дамыту орталығы директорының оқу - әдістемелік жұмысы жөніндегі

орынбасары, Алтынбеков Роман Облыстық білім беруді дамыту орталығының жалпы пәндер бойынша кафедра меңгерушісі, Керімбекова Әйгерім, Саипов Дилмухаммед, Бопиева Гулнара, Ақбергенова Асылбек, Жолдасбекова Жайна сондай-ақ Кеутаева Забира қатысты.

Әдістемелік десанттан күтілетін нәтиже:

- Кентау қаласының педагогтері мен Түркістан облысының білім беруді дамыту орталығының әдіскерлері арасындағы байланыс нығайды және жетілдірілді;
- әріптестерінің педагогикалық әдістерімен танысу арқылы оқыту сапасы артады.
- заманауи педагогикалық технологиялар мен нәтижелі оқытудың әдіс-тәсілдерін пайдалануға және зерттеуге үйренеді;
- әдістемелік әзірлемелердің қоржыны жасақталады;
- оқу үрдісін ұйымдастыру мен өткізу техникасы артады.

«Қаратау тәжі» ақпарат

Татуласу - дауды аяқтаудың тиімді жолы

Елімізде қоғамдағы даукестің деңгейін төмендетіп және дауларды келісім арқылы тиімді шешуді жолға қою бағытында түрлі шаралар жүргізіліп келеді. Арнайы Медиация туралы заң қабылданды. АПК-не татуластыру рәсімдері туралы арнайы тарау енгізілді, көптеген пилоттық жобалар қолға алынды.

Осы бағыттағы соңғы жаңашылдық ретінде, заңнамадағы татуластыру рәсімдерін қолдану саласын кеңейтетін «Сотқа дейінгі хаттама» жайындағы жаңашыл норманы айтуға болады.

ҚР АПК-не азаматтық процесстік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша толықтырулар енгізіліп, жаңашылдықтар жыл басынан қолданысқа енген болатын. Осы өзгерістер аясында АПК-де «Сотқа дейінгі хаттама» ұғымы пайда болды. Жаңашыл норманың басты мақсаты дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу мәселелерін дамыту болып табылады.

АПК-тің 73-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа олар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады, онда тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың олар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі.

Оның жүзеге асырылу тәртібіне келетін болсақ, татуластырушы судья талап түскен күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей тараптарға сотқа дейінгі

хаттама жасау құқығы түсіндіріле отырып, татуластыру рәсіміне қатысуға шақыру жібереді.

Әңгімелесу барысында тараптарға сотқа дейінгі хаттаманың тиімділігі мен салдары түсіндіріліп, ол бойынша пікір сұралады. Тараптар келіссе, оларға хаттаманың нысаны ұсынылады және оны рәсімдеу мерзімі белгіленеді.

Сотқа дейінгі хаттаманы тараптардың өздері де, медиаторлар мен адвокатқа жүгіну арқылы да жасауға болады, онда екі тарап өздерінің сотқа ұсынатын дәлелдемелерін көрсете отырып, дауды қандай шарттарда келісіммен аяқтауға болатынын ұсынады.

Тараптар сотқа дейінгі хаттаманы толтыру арқылы татуласу, татуластырушы судья 15 күннен кешіктірмей талапты өндіріске қабылдау туралы ұйғарым қабылдайды. Сондай-ақ тараптар ұсынған келісімнің заңға қайшы келмейтінін, келісім шарттарының орындалуы басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтынын тексеріп, келісімді сот ұйғарымымен бекітеді.

Дауды сотқа дейінгі хаттаманы жасау арқылы аяқтау, тараптарға азаматтық іс қозғалғанға дейін дәлелдемелермен алмасуға, сол арқылы даудың нәтижесін пайымдауға, уақытын үнемдеуге, сондай-ақ бұрынғы қарым-қатынасты сақтап қалуға мүмкіндік бермек.

Әрбір жаңа бастамадан жаңа мүмкіндіктер күтіледі. Заңнамадағы жаңашыл норма даулы мәселелердің сот үрдісінен тысқары тәртіппен шешілуіне үлесін тигізеді деп ойлаймын.

У.Д.БАЙЖІГІТ,

Кентау қалалық сотының судьясы

АӘД пәні мұғалімдері сайысқа түсті

2023 жылдың 25 наурызында Түркістан қаласындағы "Балуан шолақ" спорт кешенінде "Спорт жұлдыздары" журналының жұлдесі үшін пневматикалық винтовкадан ағудан алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдері арасында республикалық турнир өтті. Тұңғыш рет өткен дүбірлі додаға еліміздің Алматы, Ақтөбе, Абай, Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Қарағанды, СҚО, Ұлытау, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласынан келген 150 ұстаздар қатысып, өзара бақтарын сынады.

Турнирдің ашылу салтанатын Түркістан облысы Қорғаныс істері департаменті бастығының орынбасары, подполковник Жандос Кулдербаев және Республикалық ардагерлер одағы қоғамдық бірлестіктің төрағасы Б.Ерғали, «Спорт жұлдыздары» республикалық журналының бас редакторы М. Тасқалиев өздерінің құттықтау сөзімен ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Осыдан кейін турнир басталып, аса тартысты өткен додада Кентау қаласының алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімдері жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтсақ әйелдер арасында №16 мектеп АӘ және ТД мұғалімі Ақшолпан Шиныбаева жеңімпаз атанып 1 орынға иеленді, ал ерлер арасында (35-39 жас аралығында) Хабибов Ойбек Хикматиллаевич 1 орын «Д.Қонаев» №10 орта мектебі; Наршабаев Нуралы Абдураулович 2 орын №3 мектеп гимназиясы; Көпбаев Нұрхан Туреханович 3 орын № 8 мектеп орта мектебі;



Дайрабаев Ғалымжан Уразбекович 3 орын № 2 орта мектебі. Ал 40-44 жас аралығында Камалов Сурат Пулатович 1 орын №1 орта мектебі; Султанов Вахид Сабиржанович 2 орын «Қарнак» орта мектебі; Майшиев Қанат құдайназарович 3 орын № 6 орта мектебі; 60 жастан жоғары Джалилов Мехрал Ачилович 2 орын «М.Қашғари» орта мектебі. Жеңімпаздар «Үздік алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі» деген төс белгімен және орындарға сәйкес медальдармен, дипломдармен марапатталды. Кентау қаласының алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдерінің осынша жүлделі орынға ие болулары әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысында және өздерінің лауазымық дайындығы жоғары деңгейде болуын осындай сайыстарда көрсетуде. Біздің ұстаздарға осындай жетістіктерге қол жеткізіп Кентау қаласының туын желбіреткені үшін мақтан тұтамыз!

З.АНШИБАЕВА,

Кентау қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскери патриоттық жұмыс ҚК ардагерлерімен жұмыс жөніндегі қызметкері

Кәсіби басшыларды даярлау - ұлттық жобалардың сәттілігінің кепілі

Кәсіпкерлік құрылымдағы сапалы өзгерістерді қамтамасыз ету мақсатында елімізде «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» қабылданған болатын. Ұлттық жобаға сәйкес жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы халықты жұмыспен қамту шараларын ұйымдастыру, шағын және орта бизнестің ЖІӨ-гі үлесін 35%-ға жеткізу көзделген.

Әрбір ұлттық жоба Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асыруға және жалпыұлттық басымдықты орындауға бағдарлануы тиіс. Ұлттық жобаларды сапалы жүзеге асыру үлкен маңыздылыққа ие болады, себебі жобаларды жүзеге асыру нәтижесі ел көлемінде оң нәтижелерге қол жеткізуге себеп болуы тиіс.

Мемлекеттік бағдарламалардың форматын өзгертіп, икемді ұлттық жобалар арқылы нәтижеге бағдарланған даму жолы саяси бағыт ретінде таңдалғаннан кейін кәсіби басшыларды, жобалық менеджерлерді даярлау мәселесінің өзектілігі арта түсті. Мемлекеттік деңгейде ұлттық жобаларды тиімді жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік құрылымдар қызметіне жобалық басқару механизмдерін енгізуді белсендіру үшін жобалық менеджменттің озық үлгілерін терең зерттеу қажет. Жаңа Қазақстанды құру «адамзат-бизнес-мемлекет» қатынастарын қайта құру күтіп тұрғандығын білдіреді, ал бұл өз кезегінде микро және макро деңгейде өзгерістерді басқарудың, жобаларды басқарудың теориясын, әдіснамасын және практикасын түсіну қажеттігін өзекті етеді. Жобаларды тиімді жүзеге асыру үшін жоғары

білікті мамандар қажет, себебі біліктілігі және өзгерістерге бейімділігі төмен персонал жобалардың сәттілігінің тежегіші болып саналады.

Индустрияның дамуы адам капиталының әлеуетімен, сапасымен тығыз байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кадрларды даярлау жүйесін қайта бағдарлауға аса назар аударған, «Олардың білімі – біздің күшіміз», - деген.

Жоғары оқу орындары нарықтың нақты сұранысын басшылыққа алып, заманауи жағдайларға бейімделген жас ұрпақты тәрбиелеуге күш салуы қажет.

Халықаралық QS WUR рейтингінде 150-орында тұрған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес жоғары мектебі Менеджмент кафедрасы жаңа Қазақстанды құру бағытында заман талабына сай мамандарды даярлауда.

Менеджерлерді дайындауда кәсібилікті қалыптастыру үшін когнитивтік, инструменталды, жүйелік, жеке тұлғалық құзіреттерді басшылыққа ала отырып пәндер бағдарламалары құрастырылады. Сонымен қатар, ортаның жылдам өзгергіштігіне бейімделе алатын, түрлі жағдайларда оңтайлы шешімдерді қабылдау жауапкершілігіне ие бола алатындай тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру, мәдени ерекшеліктермен байланысты басқару стильдерін қолдана алатын мамандар шығару оқу бағдарламаларын даярлауда басшылыққа алынған. Болашақтың менеджерлері жан-жақты болуы тиіс, түрлі компанияларға олардың өмірлік циклының

түрлі кезеңдеріне сәйкес келетін түрлі мәселелерді піше алатын басшылар қажет.

Бизнес әлемінде көшбасшылық рөлге ұмтылатын маман үшін нарық пен жеке жағдайлардағы жылдам өзгерістерге бейімделуге тура келеді, жұмыстың жаңа нысандарын қолданып, жаңа қысымдарға төтеп бере алатын икемділік қажет. Болашақ менеджерлер өздеріне тек кәсіби жауапкершілік алып қана қоймай, ұйымның қозғаушы күші ретінде өзінің дамуы мен ұйымның дамуын қатар алып жүре алатындай табиғи қажеттілік қалыптастыру қажет. Болашақ менеджерлер жетістікке жетемін десе «әркім өзі үшін» деген қағидадан бас тартып, команда құру, ортақ мақсатқа ұмтылу, коммуникативтік дағдыларын дамыту арқылы айналасындағы барлық құбылыстарға икемділік танытуы тиіс.

Қорыта айтқанда, түрлі салалардағы жобалық-бағдарланған мамандарды даярлау бүгінгі күннің талабына айналды. Елімізде қабылданып, жүзеге асырылып жатқан ұлттық жобалардың тиімді жүзеге асуына «Менеджмент», «Жобаларды басқару» мамандықтары бойынша бакалаврлар, магистр, докторларды даярлап жатқан «Менеджмент» кафедрасы ұжымының қосар үлесі орасан зор.

А.Н.ТУРГИНБАЕВА,

**экономика ғылымдарының докторы, доцент
Г.Е. ЖАКУПБЕКОВА,
аға оқытушы әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университеті, Менеджмент кафедрасы**

«Кенді өлке - Кентауым»

Бой көтерген кеншілер қаласының атақ-даңқы кен өндіру ісімен тығыз байланысты. Кентаулық аға ұрпақтың әлемді таңдандырған және ешбір ел жаңарта алмаған шапшаң бұрғылау жөніндегі рекорды тарих бетінде алтын әріппен жазылып қалды.

Бұл сол уақыттағы кенші-металлургиягердің төгілген тері, қолтаңбасы ретінде кейінгі буынға өнеге болып қала береді. Сондықтан Кентау – қиындықтан тайсалмайтын, еңбектен жиренбейтін нағыз еңбекқор, отансүйгіш, ел мен жердің абырой-беделі үшін тау қопарып, тас тескен елжанды еңбек майталмандарының қалашығы, әлеуеті мықты «кадрлар ұстаханасы» аталды. Осыған орай Кентау қалалық музейінің ұйымдастыруымен музей қорында шақтаулы экспонаттардан «Кенді өлке - Кентауым»



тақырыбында Қарнақ ауылы «Шаммат - Ишан» музейінде көшпелі көрме ұйымдастырылды. Көшпелі көрменің мақсаты – Кентау қаласының тарихы кен орындарына бай екендігін көрсетіп, оның ішінде Кентау қаласында кен орындарынан табылған құнды минералдармен таныстыру. Көрмені ұйымдастырудағы мақсат музей қорында сақталған құнды минерал байлығын болашақ ұрпаққа ұдайы насихаттап, мүлтіксіз жеткізіп отыру болып табылады. Көрмеге жайылған экспонаттарды мектеп оқушыларымен, мұғалімдері тамашалап, көрмедегі әрбір экспонатты қызыға қарап, алғыстарын білдірді.

Л.АБИШОВА,
музей қызметкері

Қосымша білім беру жүйесін дамыту - оқушыға кәсіптік бағдар берудің тиімді жолы

Бүгінгі таңда адамзаттың жоғары индустриалды және ақпаратты қоғамға қарқынды түрде өтуіне байланысты өркениеттің бет-бейнесі тұтастай өзгеруде. Елдің өркендеуі білім беру жүйесін, оның мазмұны мен құрылымын жаңартуды қажет етеді. Яғни, қазіргі қоғамның маңызды проблемаларының бірі - бұл құбылмалы әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүріп қана қоймай, болып жатқан құбылысқа белсенді әсер ете отырып, оны жақсартуға бейім тұлғаны қалыптастыру болып отыр.

Осы орайда елімізде кәсіптік бағдар беруде қосымша білім берудің мән – маңасының артуы оның балалар мен жасөспірімдердің қолы бос жағдайында еріктілік негізде шығармашылық және танымдық мотивациясын дамыту, дербес талаптарын қанағаттандыру, өз еркіне сай кәсіп таңдауына жәрдемдесу, сөйтіп өмірге бейімдеу, салауатты өмір салтына тарту, сайып келгенде бос уақытты мазмұнды өткізуді ұйымдастыруға қажетті жағдай жасауында.


Қосымша білім беру ұйымдары білімнің адам өмірі мен қоғамдағы рөлін балаларға түсіндіру арқылы олардың білімге, өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын, ынтасын оятып, жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. Олай болса, Қара таудың тәжі атанған әсем қаламызда орналасқан қосымша білім беру ұйымының бірегейі болған Кентау оқушылар үйі, жарты ғасырдан астам уақыт балалардың шығармашылық мекеніне айналған.

Сонау 1957 жылдан бастау алған бұл шығармашылық мекенде әрбір жеткіншек шығармашылық жұмыспен, ән шырқап би билеу, домбыра тартып, сахна мәдениетін үйреніп, әлемі сурет салып, ағылшын тілін үйреніп, сәнді киім тігіп, өздеріне ұнаған іспен айналысып, болашақ мамандығына қадам басуға зор мүмкіндіктері бар. Оқушылар үйінде 2022 жылдың қыркүйек айына дейін сәндік-қолданбалы, көркем-эстетикалық, экологиялық бағытта 24 үйірме жұмыс жасап келді. 2022 жылдың 25 қаңтар күнгі Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеевтің №13 қаулысының негізінде, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Кентау қаласы, Рысқұлов №61 ғимаратта орналасқан «Түркістан облысының девиантты мінез-құлықты балаларға арналған орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 2022 жылдың 13 маусымынан бастап, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының, Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Кентау оқушылар үйі» МКҚК біріктіріліп, Кентау оқушылар үйінің қарамағына өтті.

Нәтижесінде оқушылар үйіне қосымша штаттар беріліп, бүгінгі таңда Оқушылар үйінің аумағы кеңейіп, үйірмелер саны қырық беске жетті.

Атап айтар болсақ:

Көркем-эстетикалық бағыты бойынша:
Домбыра, театр, вокал үйірмелері.



Экологиялық бағыты бойынша: Жас эколог, флора-фауна үйірмелері.

Спорт бағыты бойынша: Шахмат, тоғызқұмалақ, теннис, бокс, каратэ, волейбол, баскетбол үйірмелері.

Техникалық бағыты бойынша: робототехника, ағаш өнері, шебер қолдар үйірмелері.

Тілдер бағыты бойынша: Ағылшын үйірмелері.

Сәндік-қолданбалы бағыты бойынша: тігін, тоқыма, моншақпен жұмыс үйірмелері.

Әр баланың өз бойындағы шығармашылық қабілетін оятып, шыңдауға септігін тигізіп отырған білім беру ұйымының барлық үйірмелер тегін.

Оқушының жастайынан өз ісіне баға беруге, болашаққа белгілі бағыт таңдап, өз мамандығын айқындауына сеп болуға ата-ана мен педагогтың ықпалы зор. Олай болса, ата-ана-бала-педагог осы үштік одақ жұмыс жүргізгенде нәтиже көрінеді.

Біздің дана қазақ халқымызда «Ұстаздан шәкірт озар!» - деген сөз бар. Осының бір дәлелі ретінде Кентау оқушылар үйінің үйірме жетекшілері өз істерінің нағыз маманы екенін дәлелдеп, шәкірттерінің қалалық, облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жатқан жайлары бар.

Атап айтсақ, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы «Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша «Қолөнер» үйірме жетекшісі Н.Мажитова «Алғыс хатпен», оқушысы М.Садирханова «III-Дәрежелі» Дипломмен марапатталса, Мұқағали әлемі білім порталы ұйымдастыруымен Алматы қаласында өткен «Мақатаев оқулары» атты конкурста «Өнер әлемі» үйірмесінің жетекшісі Б.Мыңбай «Алғыс хатпен», оқушылары Д.Жақия, А.Жаңабай, Д.Райымқұлов, М.Есім Бас жүлде, I, II орын дипломдарымен марапатталып, Халықаралық «Ғұмырдария» ән-би, жыр-күй жасөспірімдер мен жастар арасындағы өнер байқауының «Бейнелеу өнері» жанры бойынша «Art dream» үйірмесінің жетекшісі Н.Мажитова «Алғыс хатпен», оқушылары Д.Сарсенбаева мен Ұ.Ерікұлы «Бас жүлде», «I-орын» дипломдарымен марапатталды.

Кентау қаласы адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Балалар жылы -2022» оқушыларымыз жыл бойындағы жетістіктері үшін марапатталды.

Облыстық, қалалық шахмат ойындары бойынша өткен жарыстарда оқушыларымыз И.Бабахан мен Ж.Ескалиев қатысып, «Ең үздік ойыншы» және «II-орын» дипломдарымен марапатталса, Халықаралық «Ғұмырдария» ән-би, жыр-күй жасөспірімдер мен жастар арасындағы өнер байқауының «Көркем сөз»



жанры бойынша «Көңілді дыбыстар» үйірмесінің жетекшісі Ф.Мырзабаева «Алғыс хатпен» оқушысы А.Кенжебай «II-орын» дипломдарымен марапатталды.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығының» «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль байқауының облыстық кезеңіне қатысып, «Rapsoдия» би тобы «Бас жүлдеге» ие болып, Республикалық кезеңге жолдама алды.

Робототехника үйірмесінің жетекшілері мен оқушылары Астана қаласында өткен «Central Asia First Championship-2023» атты Орталық Азия «First» Республика чемпионатына «Жас роботшы» командасы қатысып, «Breakthrough award» номинациясымен марапатталды.

Робототехника үйірмесі жаңадан ашылсада, аз уақыт ішінде керемет нәтижелер көрсетуде.

Өздеріңіз куә болғандай «Жас техник» үйірмесінің оқушысы А.Смайыл қазақтың ұлттық биі «Қара жорғаны» билейтін биші роботын «sprak» бағдарламасымен жасап, республикалық бірнеше телеканалдарда жұмыстарын паш етті.

Әр оқушыға өз ұстазы артық. Шәкірті өзінен озған ұстаз-еңбегі ақталған ұстаз десек, біздің оқушылар үйінің ұстаздары еңбегінің жемісін көріп отыр. Заманның талабына сай даму, ілгерілеу, өсуді деген қағиданы мақсат етіп өзінен озған шәкірт тәрбиелеуде.

Құрметті бала бағбаны болған ата-аналар, Сіздердің балаларыңыз үшін тегін қызмет көрсетіп отырған аталмыш мекемеге балаларыңызды түрлі үйірмелерге қатыстырыңыздар демекпіз. «Өнерлі бала-өрлі бала»-дей келе қаламыздың көркейіп, абыройының асқақтауы мен баламыздың үлкен жетістікке жетіп мерейімізді өсіру жолында барлығымыз бірдей жұмыла жұмыс жасайық.

Х.И.МАМБЕТБАЕВА,
Кентау оқушылар үйінің директоры

Салт - дәстүрді жаңғырту

«Арнаулы кәсіптік колледжі» КММ-інде қызметкерлер мен білім алушылар қатысуыменен «Наурыз бата тілектері» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Білім алушылардың наурыз мейрамы туралы және ораза туралы білімдерін кеңейту, салт-дәстүрлерді жаңғырта отырып насихаттау;

Міндеті: қызметкерлер мен білім алушылар бірлескен сайыс ұйымдастыру. Сайысқа қатысушылар: Абай ауылы, Ясауи ауылы және Төле би ауылына топтасты.

Сайыс ережесін таныстырған жүргізуші пед ұйымдастырушы Д.Жүзтаев ережеге сай әр ауылдың қариясын, данагөй дарияларының



Ұлыстың ұлы күнінде баршаға ақ тілек, ақ батасын беретін бата беру сайысынан бастады.

Екінші кезекте ораза айының құрметіне халық арасында айтылатын Жарамазан айту жарысында

да ауылдар бір-бірінен қалыспады. Келесі кезекте ұлттық ойын жарысында ләңгі ойнауда, асық ату, арқан тартыста топтар арасында қызу бәсекелестік туындады. Қыз келіншектердің ептілігін байқатар ұршық иіру, шаш өрім жарысы да қызықты өткізілді. Соңғы жарыс түрінде аналарымыз барлығы бірге ауылдың алты ауызын шырқап көпшілікті тәтті етті және салт дәстүрден түрлі сұрақтарға жауап берді.

Сайыстың әділқазылар алқасы колледж директоры Р. М.Аяпбергенова, директордың әкімшілік шаруашылық орынбасары Н.А. Абдиев және кадр инспекторы Г.Баймбетовалар өз кезегінде сайыс жеңімпаздарын жүлделермен марапаттап, бағалы сыйлықтар мен ынталандыру алғыс хаттарын тапсырды.

И.АМИРХАНОВА,
тәрбие орынбасары

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

Алтынбекова Айман Абуталиповнаның 04.10.2022 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Кентау қаласы, Ясауи даң, № 83 «а» мекенжайында орналасқан нотариус Д.Орынбасароваға жолығуына болады.

Абдуллаев Шухрат Миржалаловичтің 15.11. 2022 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Кентау қаласы, Абылайхан көшесінде орналасқан нотариусқа жолығуына болады.

Худайбергенова Жайна Жарилхасиновнаның 15.03.2023 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Кентау қаласы, Абай даңғылы 11, мекенжайында орналасқан нотариус Д.Ахметовқа жолығуына болады.

Маметова Парданың 30.12.2021 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, Т.Сүлейменов көш № 19 А мекенжайында орналасқан нотариус Ақтолық Молдалиеваға жолығуына болады.

Саметов Хаширматтың 25.03.2013 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Кентау қаласында орналасқан нотариусқа жолығуына болады.

Жумақыз Алтыбаеваның 03.06.2022 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды.

Бекмирзаева Сарсенкул Пушабаевнаның 16.10.2022 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Түркістан қаласында орналасқан нотариусқа жолығуына болады.

Ауез Мавленовтың 26.09.2022 жылы қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлердің Түркістан қаласы, Әйтеке би даң №9 орналасқан нотариус Ш.Нурматовқа жолығуына болады.

САТЫЛАДЫ

Кентау қаласы, Уәлиханов көшесі 44, 29 үйде 1 бөлмелі пәтер сатылады.
Тел: 8705-278-67-52, 8778-212-93-75

ПРОДАЕТСЯ

Продаются три дома, на одном участке. Имеется, гараж, баня, центральное отопление, канализация, газ.
Тел: 8707-361-81-68.

ҮЙДЕГІ ӨРТ

Егер өрт қатты жанып тұрса, онда сіздің негізгі мақсатыңыз - тез үйден кету. 101-ге хабарласып өрт сөндірушілерді шақырту. Егер өрт қатты жанып тұрмаса да, бірақ үйдің іші қатты түтін болса, үйден тез кету керек. Түтін өрттен де қауіпті болады.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Түтіннің исін сезгеннен кейін үйден тез кетіңіз. Кез келген шүберекті сулап ауызыңыз бен мұрынды жабыңыз сосын еңкейіп (өйткені түтін жоғарыға ұмтылады) бөлмеден кетіңіз.
2. Егер өрт кішкентай бөлмеде болса, онда есіктер мен терезелерді ашпаңыз, ауа өртті күшейтіп жібереді.
3. Жанып жатқан үйден лифтпен түспеңіз, өйткені ол қатты өрт болып жатқан қабатта тоқтап, қайта ашылуы мүмкін және содан бәрі жарақат алады. Тоқ кез келген уақытта сөніп қалуы мүмкін және лифт этаждардың арасында қалуы мүмкін.
4. Егер дәліз және алаңқайда өртте және түтінде (төмен түсуге жол жабық) болса, онда шатырға көтеріліңіз.
5. Егер өрт дәлізде болса, есікті қатты жауып, сұйық шүберектермен ашық жерлерді жауып, есікке көрпе не пальто іліңіз. Терезені ашып қатты дауыс беріп көмекке шақырыңыз.
6. Егер сізге біреуді өрттен құтқару керек болса, онда өзіңізді арқанмен орап бір шетін далада тұрған адамға беріңіз. Егер сіз есіңізді



жоғалтсаңыз, онда сізді арқаннан тартып өрттен алып шыға алады. Ауыз бен мұрынды ылғал шүберекпен жабыңыз.

7. Егер құтқарған адам түтінмен демалып есін жоғалтса, онда оған жасанды дем беріңіз.

Түтінмен уланудың алғашқы белгілері: бастың айналуы, бас ауыруы, жиі дем алу, жүрек айналуы, сананы жоғалту.

АДАМ ҮСТІНДЕГІ КИІМНІҢ ЖАНЫП КЕТУІ
Сіздің әрекетіңіз:

Адамды тез ғана жерге жатқызыңыз (бұл өрттің адамның басына баруына жол жабады), үстіне су құйып немесе куртқамен, пальтомен жабыңыз.

Р.БАЙТАКОВ,
Кентау қаласындағы №12
Өрт сөндіру бөлімі бастығы
азаматтық қорғау майоры

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Кентау қаласының Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері нысандарды тексеру барысында немесе №12 өрт сөндіру бөлімі, қызметкерлерінің өрт оқиғалары кезінде сонымен қатар, тағы басқа жолдармен сыбайлас жемқорлыққа жол берген жағдайда, қызмет бабын асыра пайдаланған жағдайда Түркістан облысы төтенше жағдайлар департаментінің

8-(72533) 4-06-50 сенім телефонына немесе Кентау қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің 8-(72536) 3-42-49 сенім телефонына хабарласуларыңызды сұранамын.

С.ТӨЛЕГЕНОВ,
Кентау қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы
азаматтық қорғау подполковнигі

Құрылтайшысы - "Еркін и К-XXI" ЖШС,
Бас редакторы -
Жунисова
Раушан
БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ
тел: 87023079561

Аймақтық тілші -
М. ХОЖАМУРАТОВ - Түркістан,
Жамбыл, Алматы, Қызылорда
облыстары.
тел: 3-02-12,
8 701 9128067.
Баспагер -
Е. Ван-Юн-Тен.

Редакцияның мекенжайы:
Жамбыл көшесі 7-үй.
Телефондары:
Тел/факс: 8 (72536)
3-51-12, 3-11-87.
Электрондық пошта:
e-mail:
k-t-gazet@mail.ru
типография поштасы:
erkinxxi@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылдың 28 қаңтарында қайта тіркелді. Куәлік № 5694-Г.
Газет "Еркін и К-XXI" ЖШС басылды. Автордың мақалалары, үндеулері, ашық хаттары, көзқарасы редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Баспахана мекенжайы: 160400
Кентау қаласы, Жамбыл көшесі, 7-үй.

Жарнама мәтініне несі жауапты.
ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСІ - 65095.
Тапсырыс № 642
Таралымы - 800
Қолжазбалар қайтарылмайды.